


Xiaomi Mi Router 4A Giga version маршрутизаторы

Пайдаланушы нұсқаулығы




1 қадам. Кәбілдерді қосу



Маршрутизаторды қосыңыз, содан кейін DSL/кәбілдік/спутниктік модемді Интернет портына (WAN) қосыңыз.


* Егер Интернет байланысы Ethernet кәбілі арқылы жүзеге асырылса, Ethernet кәбілін маршрутизатордағы Интернет портына (WAN) тікелей салыңыз.

2 қадам. Желілік қосылымды баптау



1

Wi-Fi желісіне телефон немесе компьютер арқылы қосылыңыз (құпия сөзсіз). Wi-Fi желісінің атауын маршрутизатор корпусынан табуға болады.

* Жүйе индикаторы көгілдір жарықпен жанғанша  күтіңіз. Wi-Fi желісін тауып, оған қосылыңыз.



2

Осы кезде Сіз автоматты түрде Интернетке қосылу үшін бастапқы бетке бағытталасыз (егер бұл болмаса, шолғышты ашып, miwifi.com немесе 192.168.31.1 теріңіз).

3

Интернет провайдеріңіз берген есептік жазба атауы мен құпия сөзді енгізіп, "Келесі" батырманы басыңыз (Интернетке қосылудың бірнеше жолы бар, сондықтан бұл қадамды өткізіп жіберуге болады).

* Егер Сіз Интернет провайдері жүйесіндегі есептік жазбаның атын немесе паролін ұмытып қалсаңыз, оларды Интернет провайдеріне хабарласу арқылы ала аласыз.



4

Жаңа Wi-Fi құпия сөзін және әкімшіні орнатыңыз. Сондай-ақ, Wi-Fi құпия сөзін әкімші құпия сөзі ретінде пайдалануға болады.

* Индикатордың жыпылықтауын және көгілдір жарықпен жануын күтіңіз, содан кейін Wi-Fi желісіне қайта қосылыңыз.

Mi Wi-Fi басқару

Веб-сайт — miwifi.com. Ол маршрутизатордың негізгі функцияларын баптауды қолдайды.

QR кодын сканерлеңіз, Mi Wi-Fi қосымшасын жүктеңіз және маршрутизаторды кез келген уақытта және кез келген жерде басқарыңыз.



QoS



Рұқсатсыз кіруді алдын алу



Wi-Fi Оңтайландыру



Қосымша функциялар

Жиі қойылатын сұрақтар

Мен желіні баптауды аяқтадым. Неліктен мен әлі де интернетке қосыла алмаймын?
1 қадам. Маршрутизатор орнатқан Wi-Fi желісін табу үшін телефонды пайдаланыңыз. Егер ол табылмаса, маршрутизатордың қуат көзіне қосылып, іске қосылғанына көз жеткізіңіз.

2 қадам. Телефонды Wi-Fi маршрутизатор желісіне қосыңыз, www.mi.com. веб-сайтқа өтіңіз және желіні диагностикалау нәтижелері бойынша мәселені шешуге тырысыңыз.

Мен маршрутизатор үшін әкімші құпия сөзін ұмытып қалдым. Маған не істеу керек?

Егер сіз белгілі бір құпия сөзді орнатпаған болсаңыз, әкімші құпия сөзі Wi-Fi желісінің құпия сөзімен сәйкес келеді, сондықтан оны кіру үшін қолданып көріңіз. Егер мәселе шешілмесе, маршрутизатордың зауыттық баптауларын қалпына келтіріп, желіні қайта баптау ұсынылады.

Маршрутизатордың зауыттық баптауларын қалай қалпына келтіруге болады?

Алдымен маршрутизатордың іске қосылғанына көз жеткізіңіз, содан кейін маршрутизатордың корпусындағы Reset (Қалпына келтіру) батырмасын 5 секундтан артық басып тұрыңыз және жүйелік күй индикаторы қызғылт сары түспен жанған кезде босатыңыз. Маршрутизатор қайта іске қосылған кезде қалпына келтіру орындалады.

Маршрутизатордағы әртүрлі жарық индикаторлары нені білдіреді?

Алдығы панельде екі жарық индикаторы болуы керек: желінің күй индикаторы (бір көк түс) және жүйенің күй индикаторы (үш түс: көк, қызғылт сары және күлгін).



Желі күйінің индикаторы	Бір түсті (көк)
Жанбайды	Сыртқы Интернет портына қосылу жоқ немесе қосылу мәселесі
Жанады	Желіге қосылу
Жыпылықтайды	Деректерді жіберу немесе алу
Жүйе күйінің индикаторы	Үш түсті (көк, қызғылт сары және күлгін)
Жанбайды	Қуат көзіне қосылған немесе қосылмаған
Қызғылт сары	Жүйені жаңарту (жыпылықтайды), жүйені жүктеу (жанады, жыпылықтамайды)
Көк	Жақсы жұмыс істейді (жанып тұрады, жыпылықтамайды)
Күлгін	Қауіпсіз режим (жыпылықтайды), жүйенің бұзылуы (жанып тұрады, жыпылықтамайды)

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: Mi Router 4A Giga version (R4A).

Макс. жұмыс температурасы: 40 °С.

Жиілік диапазоны: 2.4G : 2412~2472 МГц, 5G : 5150~5250 МГц.

Макс. қуаты: 20 дБм.

Адаптердің шығу параметрлері: 12 В = 1 А.

Құрылғыны адамдардан кемінде 20 см қашықтықта орнатыңыз және жұмыс жасаңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші осы өнімге 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және өнімнің материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауын, сондай-ақ кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан жабдықы элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет ету мерзімі пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда 2 жылды құрайды. Өндіруші толық аккумуляторлық батарея мен зарядтау құрылғысына 6 ай кепілдік мерзімін және 1 жыл қызмет мерзімін белгілейді. Басқа жиынтық аксессуарларға кепілдік мерзімі – 3 ай, пайдалану мерзімі – 6 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Тэхнолоджи Ко., Лтд.

68 кеңселік ғимараты, Цинхэ Миддл, Хайдянь ауданы, Пекин қ., Қытай.

Өндірістің/жасаушы-зауыттың филиалы: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.

9F, 2-ші пав., Рэйнбоу Сити оф Чайна Рисорсез, 68, Цинхэ Миддл көш., Хайдянь ауданы, Пекин қ., Қытай.

Қытайда жасалған. ТМ Xiaomi.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның сыртқы түрі, конфигурациясы және функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Шығарылған күні қаптамада көрсетілген.

V.1

